

Мамедов Рихсибай Абдурахмановичтің 6D012000 – Қесіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған «Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды көсіби бейімдеудің ғылыми педагогикалық негіздері» атты диссертациясына

ПКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Ізденушінің диссертациялық тақырыбы өзекті, өйткені болашақ мамандарды көсіби бейімдеу, бәсекеге қабілетті, ұтқыр, кез-келген мамандықты жылдам игеріп, кәсіпке бейімделе алатын мамандарды көсіби даярлауда бүгінгі қоғам мойында отырған оқытудың дуальді жүйесінің мүмкіндіктері өте үлкен. Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды көсіби бейімдеу арқылы, қоғамның объективті қажеттілігі және көсіби педагогикадағы мәселенің осы аспектін шешуде ықпал етеді.

Бұгінде елімізде жоғары және орта білім беру жүйесінде дуальды оқытудың ғылыми-теориялық негіздері жан-жақты зерттелуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заны, Қазақстан Республикасының тұнғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін бәсекеге қабілетті мамандарды көсіби бейімдеу міндеттерін шешумен, «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламасынан, «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам», Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Жолдауындағы көсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге, бәсекеге қабілетті, сапалы еңбек ресурстары ретінде мамандарды даярлау міндеттерінен туындастырып мәселелерді шешу жолдарын жан-жақты қарастырады.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негізделу және шынайылық дәрежесі

Зерттеу әдіснамасының қойылған мәселесіне сәйкестілігімен, зерттеу нысанының мазмұндық және процессуалдық сипаттарының теориялық деңгейде жан-жақты қарастырылуымен, оларды іс жүзінде колдануға болатындығымен және ізденушінің осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының ішкі бірлігі мен сабактастырылған ғылыми аппараттың жеткілікті дәрежеде және айқын тұжырымдалуымен, зерттеу кезеңдерінің

педагогикалық экспериментпен дәлелденіп, тәжірибеге ендірілген оқу-әдістемелік құралдары және педагогикалық технологиялардың тиімділігі нақты көрсеткіштермен сипатталғандығымен, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігімен, қорғауға ұсынылған қағидаларының дәйектілігімен, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығымен нәтижелерінің практикаға енгізілуімен сипатталады.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі төмендегідей: бірінші нәтиже жартылай жаңа, себебі «бейімдеу», «кәсіби бейімдеу», «дуальды жүйе» ұғымдарының өзара байланысының мәні және «болашақ мамандың дуальды білім беру жағдайларында кәсіби бейімделуі» ұғымдарының мазмұны мен мағынасы теориялық түрғыдан басқа ғылыми зерттеулерде тұжырымдалмаған, отандық кәсіптік білім беру саласында дуальды оқытуды ендірілуі жағдайында аталған ұғымдарды кіріктіре қарастыру жаңаша мазмұнда сипатталып, тұжырым жасалған. Екінші нәтиже жаңа, себебі - болашақ мамандардың дуалды білім беру жағдайларында кәсіби бейімделуінің психологиялық-педагогикалық ұстанымдары нақтыланған. Психологиялық-педагогикалық және басқа да әдебиеттерді талдау нәтижесінде бейімделудің үш деңгейі анықталған, кәсіби бейімдеу міндеттерін, принциптерін, нысандары мен әдістерін ашып, бейімделушінің тұлғасына педагогикалық ықпал етудің нысандары мен құралдарын (мектепте, мектептен тыс, жоғары оқу орнында, өндірісте) толық көлемде пайдалануға, оның әлеуметтік, зияткерлік және кәсіби дамуына ықпал етуге мүмкіндік беретіндігі ашып көрсетілген. Үшінші нәтиже жаңа, себебі - болашақ мамандарды дуалды білім беру жағдайында кәсіби бейімдеудің практикаға-бағдарланған моделі беріліп, оны қалыптастырудың педагогикалық шарттары келтірілген. Атап айтсақ: *бірінші шарт* - оқутанымдық іс-әрекеттегі студенттің субъектілік белсенділігі принциптерінде бейімделу процесін басқару; *екінші шарт* - жоғары оқу орны мен өндірісті біріктіруді қамтамасыз ететін практикаға-бағдарланған білім беру ортасын құру; *үшінші шарт* - болашақ мамандардың кәсіби бейімделу процесін кешенді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді көздеген. Бұл шарт, дуальды оқытуда болашақ педагогтардың кәсіби бейімделуін бағдарламалық-мазмұндық қамтамасыз етудің барлық оқу-әдістемелік материалдарының жиынтығын іске асыруды көздейді. Төртінші нәтиже де жаңа, себебі - дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің әдістері мен формалары ұсынылып, оның маңыздылығы тәжірибе жүзінде сынақтан өткізіліп дәлелденген.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижелерініндің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу жұмысының барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелер тығыз бірлікте болуымен, ғылыми зерттеудің тәжірибелік кезеңдерінің өзара сабактастырымен, жүйелілігімен, ғылыми-әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолданумен, ғылыми аппараттың ауқымдылығымен анықталады. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттерінен туындейды.

5. Ғылыми нәтижелердің практикалық құндылығы

Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды қасіби бейімдеуде білім беру үдерісін оқу – әдістемелік қамтамасыз ету, сондай – ақ жоғары оқорны оқытушылары мен жұмыс беруші-кәсіпорын қызметкерлері үшін «Дуальды білім беру жағдайында болашақ педагогтарды қасіби бейімдеу факторлары» атты ұйымдастырылған семинар бағдарламасы мен бакалаврлар үшін «Дуальды оқыту негіздері» атты әлективті курс жасалып практикаға ендірілген. Зерттеу нәтижесінде алынған теориялық ережелер, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік және диагностикалық материалдар мен ұсынымдар дуальды білім беру үдерісінде, жоғары оқу орны мен өндіріс мекемелерінде “Кәсіптік оқыту”, “Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу” және “Бейнелеу өнері және сызу” мамандықтары бойынша бакалаврлар даярлауда, техникалық және қасіптік білім беру және жоғары оқу орны мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға болады.

6. Диссертация бойынша кемшіліктері және ұсыныстар

1. ЖОО студенттері мен колледж студенттерін қасіби бейімдеу мәселесі де қарастырылғанда жұмыстың құндылығы арта түсетін еді.

2. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған теориялық ережелер, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік және диагностикалық материалдар мен ұсынымдар дуальды білім беру процесінде ЖОО мен өндіріс мекемелері арасында “Кәсіптік оқыту”, “Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу” және “Бейнелеу өнері және сызу” мамандықтары бойынша бакалаврлар даярлауда, қарастырылған, олардан басқа педагогикалық мамандықтарды дуалды оқытуға даярлау мәселесі қарастырылмағандығы байқалады.

3. Диссертация ұсынылған кестелер мен суреттер бір стильмен берілгенде диссертацияның техникалық рәсімделуінің деңгейі жоғарылай түсетін еді.

7. Ғылыми дәрежелерді бекіту Ережесіндегі талаптар шеңберінде диссертация мазмұнының сәйкес келуі

Диссертация нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми базылымдарда, Скопус базасындағы ғылыми журналдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланған және баяндалған.

Мамедов Рихсибай Абдурахмановичтің 6D012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған «Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми педагогикалық негіздері» атты тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкескеледі.

Ізденуші Мамедов Рихсибай Абдурахмановичке 6D012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

Ресми оппонент
Тараз мемлекеттік педагогикалық
университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Б.Б.
К.Д.Бузаубакова

